

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Тлеулина М.Б.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: tlmadina@mail.ru

Туризмді феномен, құбылыс, жүйе, әлеуметтік-мәдени әрекеттесу мен танудың жаңа тәсілі, күрделі салааралық жүйе болып табылады. Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДТҰ) мәліметтері бойынша 2015 жылы халықаралық туристік ағын -1,184 млрд. туристерді құрады. Бұл көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға жоғары болды және абсолютті рекордқа жетті. Қазіргі уақытта халықаралық туризм (саяхат және жолаушылар тасымалы) үлесі әлемдік экспортта қызметтердің 30%-ын және тауарлар мен қызметтер экспортының жалпы көлемінің 6%-ын құрайды. Экспорттық категория ретінде туризм отын, химиялық заттар және азық-түлік өнімдерін экспорттаудан кейін 4-ші орынды және көптеген дамушы елдерде 1-ші орынды алады.

Әлемдік нарықтардың жоғарғы құбылмалылығы кезінде, экономикалық тұрақсыздық және жаңа қаржылық пен саяси дағдарыстардың қаупі кезінде туризм әлемнің барлық өңірлерінде өзінің тұрақты дамуын көрсетеді. 2011 жылы Дүниежүзілік туристік ұйым «Туризм 2030» Халықаралық туризмді дамыту атты ұзақ мерзімді болжамын жаңартты. Болжамға сәйкес, халықаралық туристік келулер 2010-2030 жылдар аралығында жыл сайын жылдар аралығында жыл сайын 3%-ға өсіп тұрады және 2030 жылы 1,8 млрд. турист деңгейіне жетеді деп айтылған [1]. Бұл фактілер негізінен алыс қашықтағы құрлықтардың транспорттық қолжетімділігімен, дүние жүзі адамдарының мобильділігінің өсуімен, жекелеген мемлекеттердің оларға туристік ағындарды тарту үшін қабылданатын саяси және экономикалық іс-шаралармен, көліктің дамуымен түсіндіріледі.

Көлік – кез келген мемлекеттің экономикасының негізгі материалдық базасының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бір [2]. Ол экономиканың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, қоғамдық өндіріс тиімділігін арттырады, өндірістің мамандануы мен қоғамдасуына, мемлекет территориясында өндірістік күштерді әртүрлі саладағы кәсіпорындардың шикізат көздері мен өнімді тұтыну аймақтарында оңтайлы орналастыруға шарттар қалыптастырады. Жалпы алғанда, көлік тауарлар мен адамдардың географиялық орнын ауыстыру арқылы қажеттіліктерді қанағаттандыру мәселесін шешеді, ал туристік аймақтағы көлік инфрақұрылымының даму деңгейі сол жерге келген туристердің қанағаттану дәрежесімен анықталады, сондықтан көлік пен туризмдегі көлік инфрақұрылымының орны туристік жүйеде үнемі өсуде.

Туристік саяхат тиісті мақсаттары мен болу ұзақтығына сәйкес уақыт пен кеңістікте орын ауыстыруымен сипатталады. Тұрғылықты жерін ауыстырмай туризм туралы айту мағынасыз болады. Туризм ресурстары белгілі бір аудандарға байланысқан және олардың танымалдылық дәрежесі мен қолданылуы транспорттық қолжетімділігімен анықталады. Осылайша, туризмді көлік жүйесінен тыс қарастыруға болмайды. Жалпы алғанда, көлік тауарлар мен адамдардың географиялық орнын ауыстыру арқылы қажеттіліктерді қанағаттандыру мәселесін шешеді, ал туристік аймақтағы көлік инфрақұрылымының даму деңгейі сол жерге келген туристердің қанағаттану дәрежесімен анықталады, сондықтан көлік пен туризмдегі көлік инфрақұрылымының орны туристік жүйеде үнемі өсуде.

ДТҰ туристік салаға көліктің 4 кіші салаларын қосады: әуе, темір жол, жер және су, ал жолаушылар көлігімен тасымалдау туристік қызметтің әдеттегі тізіміне кіреді. Туризмдегі көлік инфрақұрылымын (ТКИ) зерттеу маңыздылығы туризмдегі транспорт рөлінің өзгеру фактісімен анықталады, яғни көлік тек орын ауыстыру құралы, туристік ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, саланың даму факторы ретінде ғана емес, сонымен қатар

туристік ресурстың сипаттамаларына ие болып отыр. Туризмдегі көлік инфрақұрылымын (ТКИ) ғылыми зерттеу саласындағы жаңа бағыт болып табылады. ТКИ элементтерін зерттеушілер арасында оның туризмдегі рөлі, анықтамасы мен құрылымы туралы бірлей пікірлер жоқ. Көлік және көлік инфрақұрылымы туристік индустрияның және туристік инфрақұрылымның ажырамас бөлігі болып табылатыны туралы тұжырым жасауға болады, атап айтқанда ТКИ-ды туризм инфрақұрылымына да, көлік инфрақұрылымына да және туризмдегі кәсіпорынар құрылымына да жатқызуға болады. Демек, ТКИ-ды туризмнің және транспорттың қосалқы жүйесі ретінде зерттеу қажеттілігі туды.

А.В. Ключниковтың пікірінше, инфрақұрылым – бұл мекемеге қымбат көрсететін эне оған жалпы негіз, тірек жасайтын қызмет түрлері мен салалардың жиынтығы. Ол мекемені қаржылық, еңбек ресурстары, көлік қызметтері, консалтингтік, аудиторлық және басқа да қызметтермен қамтамасыз ететін бизнес орта бөлігі [3].


В.С. Сенин мен В.Г. Гуляев туристік инфрақұрылым мен туристік индустрия деп бөлек қарастырады [4]. Туристік инфрақұрылым деп қатынас жолдары (жолдар, кірме жолдар, темір жол станциялары, әуежайлар, кемежайлар және т.б.), байланыс (су, электр және газ желілері, жылыту жүйелері, кәріз жолдары, байланыс құралдары және т.б.), туристік ресурстар, туристік көрсетілім объектілері, орналастыру мен тамақтану құралдары, сату объектілері, тұрмыстық және медицина қызметтері, спорт нысандары, сонымен қатар туризм индустриясының дамуына қажетті басқа да объектілер жиынтығын құрайды, ал туризм индустриясы болса, біріншіден бұл қонақ үйлер мен басқа да орналастыру орындары, көлік құралдары, ойын-сауық, сауда және қоғамдық тамақтану объектілері, турагенттік және туроператорлық қызмет көрсететін мекемелер, экскурсиялық және гид-аудармашылық қызметін көрсететін мекемелер және басқа да қызмет жиынтығы, екіншіден бұл туристік нарықта жаппай стандартты қызметтер пакеттерін өндіретін және сататын туристік кәсіпорындар қызметі жатады.

А.С. Кускова мен Ю.А. Джаладян пікірлері бойынша, көлік инфрақұрылымы көліктік кешеннің негізін құрайды және жүк пен жолаушыларды тасымалдау үшін қолданылатын нақты көліктік желі болып табылады, сондай-ақ транспорттық құралдар мен тұрақты құрылғыларды тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымды құрайды [2].

Пәйдж бойынша көлік инфрақұрылымының негізгі міндеті – туристік ағындардың еркін қозғалысы үшін қажетті жағдайлар жасау. Ғалымдардың пікірлерін қорытындылап айтқанда, көлік және көлік инфрақұрылымы туристік индустрияның және туристік инфрақұрылымның ажырамас бөлігі болып табылатыны туралы тұжырым жасауға болады, атап айтқанда ТКИ-ды туризм инфрақұрылымына да, көлік инфрақұрылымына да және туризмдегі кәсіпорынар құрылымына да жатқызуға болады. Демек, ТКИ-ды туризмнің және транспорттың қосалқы жүйесі ретінде зерттеу қажеттілігі туды.

М.А. Морозов бойынша, туризм инфрақұрылымы материалдық және материалдық емес қызметтер мен өнімдерді өндіретін кәсіпорындарды біріктіреді, бірақ негізінен материалдық емес өнімдер құрайды [5]. Инфрақұрылымның дамуы туристік ағындарды арттырады, ал туристер санының өсуі инфрақұрылымға қаржыларын салатын инвесторларды тартады, яғни туризм мен инфрақұрылымның өзара әсері айқын болып табылады. Осы қарым-қатынастар туризм мен көлік арасындағы арақатынасында анық байқалады. Жалпы алғанда, инфрақұрылым салааралық сипат алады және аймақтар мен мемлекеттердің өндіріс салаларының интеграциясын қамтамасыз етеді. Инфрақұрылымның жалпы сызбанұсқасына сәйкес ол өндірістік (жалпы мақсаттағы, өндіріс ішілік) және өндірістік емес (институционалды, әлеуметтік, экологиялық).

Туристік нарықтың барлық қатысушыларының күштерін бірлесе отырып, оны тиімді менеджмент арқылы нақты іс-шараларды жүзеге асыру арқылы елдің туристік әлеуетінің дамуын қысқа мерзімде қамтамасыз ете алады, сонымен қатар жалпы экономикалық және әлеуметтік салаларда оң әсер береді. Бірақ ол үшін зерттеудің жаңа әдістемесі, талдау әдісі мен ТКИ-ді басқару әдістері ғана жеткіліксіз болады, сонымен қатар, оны іске асырудың тиімді механизмі керек (сурет 1).




Сурет 1. ТКИ-ді басқару механизмінің сызбасы. Ескерту: [2] әдебиетінен алынды

ТКИ-ді басқарудың осы механизмі елдің туристік әлеуетінің дамуын қысқа мерзімде, сондай-ақ оны тиімді іске асыру көптеген салааралық салаларға оң әсер береді. Бұл басқару механизмі нысаналы-жүйелі әдістердің көптеп қолдануын қажет етеді.

Нысаналы-жүйелі әдістің артықшылығы басқарушы субъект нақты немен басқарып отыратыны туралы біледі, басқарушы объектінің құрылымын көреді, экономикалық басқару әдістерінің механизмі арқылы басқару іс-әрекеттерін жүзеге асырады, яғни жоспарлау, шығындарды есепке алу, баға құру, несие және қаржы қатынастары, жалақы, салық салу, нарық және т.б.

Туризмдегі көлік инфрақұрылымын модельдеу оның оптималды жағдайын табу үшін жүргізіледі, яғни өсіп келе жатқан көліктік және туристік ағындарға сай болуы, көлік жүйесінің дамуының баламалы түрлерінің болуы, аймаққа, экологияға түсетін салмақты кеміту үшін көліктік ағындарды дұрыс бөлуді қамтиды. Бұл даму бағыттары сурет 2-де көрсетілген.

ТКИ-дің концептуалды даму моделі арқылы біз сегменттердің арасындағы өзара байланысын нақты көре аламыз. Әр сегменттің дамуы келесі сегменттің дамуына әкеледі, яғни біз әр саланы біртіндеп дамитын болсақ, онда жалпы туристік әлеуетті дамитын болады.



Сурет 2. ТКИ-дің концептуалды даму моделі
Ескерту: [5] әдебиетінен алынды

Келесі қысқа мерзімді шаралар туристік әлеуетін дамытуға елеулі әсер етуі мүмкін:

- бұл сала үшін жауапты барлық мемлекеттік және жергілікті органдарның іс-әрекеттерінің біріктірілуі;

- мемлекет экономикасындағы туризм маңыздылығын растайтын тиімді статистикалық құралдарды ойлап табу;

- мемлекет территориясындағы қосымша қаржыландыруды қажет ететін әлеуметтік маңызды туризм объектілерін қолдау;

- барынша көлік құралдарын жаңарту;

- ірі қалаларда әуежайлар мен теміржолдарды «Аэроэкспресс» жолымен қосу.

Туризмдегі көлік инфрақұрылым қызметтерінің дамуы нысаналы-жүйелі әдісті қолдану арқылы басқарудың ғылыми негізін әзірлеуге болады.

Қазір елімізде «Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1263 қаулысы қабылданды [6]. Бағдарламаның мақсаты Қазақстанның заманауи көлік инфрақұрылымын қалыптастыру, сондай-ақ оның әлемдік көлік жүйесіне ықпалдасуын қамтамасыз ету және транзиттік әлеуетті іске асыру болса, ол келесідей міндеттерді ұстанады: 1) Қазақстан аумағында ел ішінде жоғары және тиімді көлік байланысын, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүк ағындарын ұлғайтуды және жерүсті, теңіз және әуе көлігінің барлық түрлерінің жұмыстарын үйлестіруді қамтамасыз ететін заманауи көлік-логистика жүйесін құру; 2) Ауыл мен шағын қалаларды сапалы көлік қатынасымен кешенді қамтамасыз ету; 3) Өңірлерде жергілікті көлік инфрақұрылымын дамыту; 4) Қазақстанның көлік инфрақұрылымының әлемдік көлік жүйесіне ықпалдасуын қамтамасыз ету; 5) Ел өңірлерінде «инфрақұрылымдық орталықтар» құру. Осы негізгі құжат арқылы елімізде көлік инфрақұрылымын дамыту қолға алынуда.

Әдебиеттер:

1. ДТҰ-ның жыл сайынғы есебі, ресми сайтынан <http://www.e-unwto.org/doi/pdf>
2. Кусков А.С., Понукалина О.В. Менеджмент транспортных услуг: туризм. – М.: РКонсульт, 2004.
3. Ключников А.В. Менеджмент туризма: учебник. - М.: Советский спорт, 2009 -228 с.
4. Гуляев В.Г. Туризм: экономика и социальное развитие. - М.: Финансы и статистика, 2003. - 304с.
5. Морозов М.А. Инфраструктура обеспечения предпринимательской деятельности в туризме: Теория и методология формирования и развития: автореф. дисс...д.э.н. - М., 2006 .
6. «Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1263 қаулысы

ӘЛЕУМЕТТІК ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖОСПАРЛАУ

Бисеков А.Т., Аяганова С.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail:saltanat2@list.ru

Әлеуметтік туризм дамуының стратегиялық жоспарлауынан басқа орта мерзімдегі әлеуметтік туризмнің бейнесін анықтау қажет, ал ол үшін Ресей мен Бразилия елдерінің